



# ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ



## ҮЙРЕТКІШ КОМИКС

## «ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫ» ОЙЫНЫ

### Төлем картасын алаяқтан қалай қорғаймыз?

Төлем картасын қолданатын адам бірнеше қауіпсіздік ережесін сақтауы керек.



Ойын шарты оңай: әр ойыншының қолында төлем картасы болады, оны мәреге дейін сақтап қалу керек. Кімде-кім қателіктерге ұрынбай, мәреге бірінші жетсе, жеңімпаз атанады. Ойынды топ болып ойнаған жөн. Ойыншыларға керегі: теңге-фишкалар мен ойын текшесі. Сәттілік!



**Ойын ережесі**

**Үшбұрышқа түсу – қателік жіберу.**  
 ПИН кодты төлем картасының бетіне жазып қойдың.  
 Картаның реквизиттерін бөтен адамдарға айтып қойдың.  
 Картанды көрінген жерде қалдырасың.  
**Шаршыға түсу – бір жүрісті өткізу**

**Төлем картасын жоғалтып алдың.**

## АСТАРЛЫ ЕСЕПТЕР

Кез келген тұтынушы банк карталарының бірқатар артықшылығы бар екенін айтады. Сеніңше олар қандай артықшылықтар? Өз нұсқанды белгіле.

- Қолжетімділік (күндіз-түні қолдануға болады)**
- Әлемнің кез келген елінде қолдануға болады**
- Комиссия түрінде табыс табу мүмкіндігі**
- Қауіпсіздік**
- Шетелге кедергісіз алып шығу (ішіндегі ақша сомасына шек қойылмайды, мағлұмдау қажет емес) мүмкіндігі**
- Шетелде жүргенде валюта айырбастау қажет емес**
- Тауарлар мен қызмет түрлеріне жеңілдіктер беріледі**
- Тұтынушылар аясын кеңейту**
- Кредитке ақша алу мүмкіндігі**
- Ықшамдылық**





*Бұл ертеде болған оқиға деседі. Бір жолаушы Теңгегүл өскен алқапқа келіп, сәл аялдап, тынығып алмақ болады. Әлдебір зат алмақ болып, бір қаладан екінші қалаға бара жатқан бұл адам бірнеше күн жол жүріп, әбден шаршаған екен.*

*Жолаушы сиқырлы гүлді көрген бойда мұңын шағыпты.*

*– Күндіз-түні байыз таба алмай, мазам кетіп жүр. Ақшамды жоғалтып алам ба деп қорқамын. Жолда біреу мені тонап кететіндей көрінеді де тұрады. Оның үстіне бір қап ақшаны арқалау оңай дейсің бе, қалжырап кеттім, – дейді жолаушы.*

*Теңгегүл оны аяп кетіп: – Саспа, саған көмектесейін, – дейді. – Ақшаңды Гүлдер банкіне сал. Оның орнына мен саған сиқырлы күлте беремін. Оның*

*көмегімен алған затыңның ақысын төлейсің. Тіпті, сол затты үйіңе жеткізіп береді.*

*Жолаушы келісе кетеді. Ақшасын Теңгегүлге беріп, қарымтасына ерекше таңбалары бар күлте алады. Сөйтіп, қап-қап ақша арқалап, алыс жерлерге сапар шегудің машақатынан бір-жола құтылады. Бұдан былай үйінде жатып-ақ төлем жасап, қалаған затына қол жеткізетін болыпты.*

#### 4-тарау

Бірде Дана Теңгегүлдің суретін салмақшы болды. Бояуларын, сурет дәптерін



## ТЕҢГЕГҮЛ ЖАЙЛЫ АҚЫЗ

алып, бақшаға келді де, бірден іске кірісті. Сурет лезде салынды. Дана жұмысын тез бітіргеніне қуанып-ақ қалып еді, бірақ артынан «қап» деуге тура келді. Сиқырлы гүлдің кейбір күлтелерінде түсініксіз

бұл түрі электронды техниканың дамуының арқасында пайда болды.

– Шынымен-ақ, карта өте ыңғайлы! – деді Дана. – Карта болса, қалтаға артық ақша салып жүрмейсің. Төлемді

соның көмегімен алады, – деді Дана.

– Дұрыс айтасың!

Бүгінгі таңда банктің төлем карталарын қолданбайтын адам жоқ.

– Оны алу оңай ма?

шифр – ПИН код болады, – деді.

Дана жұмысын аяқтай бергенде қасына Арнұр келе қалды. Қолында су сепкіші бар. Балақай жақын маңда жүріп, Дана мен Теңгегүлдің әңгімесін естіп алыпты.

– Егер маған біреу төлем картасын берсе, бас тартпас едім! – деді ол. – Ішіне ақша салып қойып, қолданып жүрсең ғой, шіркін! Бірақ оны бізге кім береді? Банктен есепшот та ашу керек...

– Есепшоттарың бар!

Гүлдер банкінен сендердің аттарыңнан арнайы есепшот ашып қойдым. Ал оған салатын ақша – мінекі! – деп Теңгегүл балаларға жарқыраған алтын теңгелер ұсынды.

– Бұл теңгелерді сендерге жайдан-жай беріп отырған жоқпын. Екеуің да сыйсияпатқа лайықсындар. Дана суретімді салып берді. Ал сен, Арнұр, күнде суарып, шөлімді қандырып жүрсің, – деді сиқырлы гүл артынан.

Осы сәтте гүлтұғырдан екі күлте-карта үзілді де, балалардың алақандарына барып қонды.

– Күлте-карталарды қолдану оңай, – деді Теңгегүл оларға. – Тек қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек. Біріншіден, картаны көрінген жерде қалдырмаңдар. Екіншіден, реквизиттерін бөтен адамға бермеңдер. Үшіншіден, интернетте сауда жасасқанда абай болып, күмәнді сайттардан қашық жүріңдер. Содан соң, ПИН кодты ешкімге айтпаңдар!

\*\*\*

Арнұр мен Дана бұл күні қатты қуанды. Күнге шағылысып, жарқ-жүрқ еткен күлте-карталарына қызықтап қарай берді. Содан соң отыра қалып, Теңгегүл сыйға тартқан алтын теңгелерді қалай жұмсайтындарын талқылауға кірісті.



таңбалар, жазулар, сандар бар екен. Оны қалай байқамаған?

– Бұл не болды екен? – деді Дана аң-таң болып. – Жай жазу ма, әлде құпия хат па?

Теңгегүл әдеттегідей сыңғыр етіп үн қатты.

– Бұл ешқандай да құпия хат емес, – деді ол Данаға күлімдей қарап. – Кәдімгі Гүлдер банкінің реквизиттері ғой. Менің кейбір күлтелерімнің ақша сақталатын карта екенін ұмыттың ба?

– Иә, иә, есімде! – деді Дана. – Бірақ осыншама карта саған не үшін керек?

– Оларды қолма-қол ақшасыз төлем жасағанда қолданамын. Банк қызметінің

лезде жасайсың. Касса алдында ақша санап тұрмайсың.

Теңгегүл нақтылай түсті:

– Төлем картасымен, дәлірек айтсақ, оның ішіндегі ақшамен сауда орталықтарында, дәмханаларда есеп айырысып қана қоймай, коммуналдық қызметтің, басқа да қызмет түрлерінің ақысын төлеп, интернет-дүкендерден зат сатып алуға болады. Оның үстіне, картаны қолданған сайын банктер мен дүкендер тарапынан кешбәктер мен бонустар беріледі.

– Мұндай карта менің ата-анамда бар. Жалақылары соған түсіп тұрады. Әжемнің де өз картасы бар. Зейнетақысын

– Әрине! Банкте есепшоты бар кез келген адам ала алады.

Дана сәл иілді де, күлтедегі таңбаларға қадала қалды.

– Мына таңбалар нені білдіреді?

Теңгегүл «басын» бір сілкіді. Таңбалар ап-анық көрінді.

– Бұл таңбалар – мұқамдалған деректер, – деді сиқырлы гүл. – Банктің атауы, карта иесінің аты-жөні, картаның жарамдылық мерзімі мен ешкімге айтуға болмайтын құпия коды мәлімет түрінде осында сақталып тұрады.

Дана ұсақ жазуларды анықтап көрмек болып, үңіле берді. Ал Теңгегүл әңгімесін жалғап:

– Айтпақшы, ұмытып барады екенмін. Банктен төлем картасын алған кезде иесіне конверт беріледі. Оның ішінде ешкімге айтылмайтын құпия

## ТЕҢГЕГҮЛДІҢ КЕҢЕСТЕРІ

1. Адамдар банк картасы арқылы өз есепшотындағы ақшаны басқара алады. Яғни, керек кезінде банкомат арқылы ақша алып, өзге есепшотқа ақша аударылады. Сондай-ақ, картаның көмегімен дүкеннен зат сатып алып, түрлі қызметтердің ақысын төлейді. Интернеттегі сауда-саттық кезінде де төлем картасының көмегіне жүгінеді.

2. Төлем картасының кең таралған екі түрі бар. Олар – кредиттік және дебеттік пластикалық карталар.


3. Дебеттік төлем картасы – әр адамның банктегі жеке

есепшотына байланған банк картасы. Ол қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға, керек кезінде банкоматтан ақша алуға, өзге есепшоттарға ақша аударуға мүмкіндік береді.

4. Кредиттік карта – автоматты түрде жаңартылып отыратын кредиттік лимиті бар банк картасы. Лимит көлемін тұтынушының расталған табыс деңгейі мен төлем қабілетін ескере отырып, банк белгілейді. Мұндай карта банкоматтан қолма-қол ақша шығарып алуға, тауарлар мен

қызмет түрлерінің ақысын төлеуге мүмкіндік береді. Кредиттік картаны шетелде де қолдануға болады. Басты талап – тұтынушы банк алдындағы қарызын келісім-шартта көрсетілген мерзімде, уақтылы өтеп отыруы керек.

5. Банктер төлем карталарын қолдануды барынша ыңғайлы етіп қана қоймай, өз тұтынушыларына (карта иелеріне) серіктес дүкендері мен компаниялары тарапынан бонустар мен жеңілдіктер ұсынып отырады.



**Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу** – қолма-қол ақшасыз, бір есепшоттан екіншісіне ақша аудару арқылы есеп айырысу.

**Төлем картасы** – банк шығарған атаулы ақша құжаты. Оған арнайы магниттік жолақ немесе чип орнатылады. Пішіні – төртбұрыш. Пластиктен жасалады. Төлем картасы тұтынушының банктегі есепшотына байланған. Ішінде ақша төлеуге, аударуға, алуға мүмкіндік беретін мәліметтер сақталады.